

**Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясының 2023-2024 оқу жылында жүргізілген «Адал ұрпақ» клубының жұмысы жайында Анықтама**

Мақсаты : оқушыларға адалдық, парасаттылық тәрбиеге беру және зияткерлік тәрбие бағытында еріктілер тобының жұмысының жүргізілуі

2023 жылдың 26 қараша күні «Адал ұрпақ» мектеп клубтарының слётын «Астана қаласы ішкі саясат» ММ, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Астана қаласы бойынша департаменті бірігіп ұйымдастырған. Бұндай іс-шара қаламызда алғашқы рет ұйымдастырылып жатыр. Слёт 2023 жылғы 26 қарашасында Әл Фараби атындағы «Оқушылар сарайында» өткен. Оған 67 гимназияның «Алаш аманаты» атты құрама командасы қатысқан. Команданың құрамы:

9 «А» сынып : Каирова Мадина, Батыр Жәңгірхан

9 «Ә» сынып: Бибіт Аркен

9 «Л» сынып: Шынаров Ткөре

9 «К» сынып: Энгельс Айсулу, Абдрахман Жанан.

Ереже бойынша Слёт жарыс түрінде өтті және жарыстың 3 кезеңі болды. Барлық кезеңдер бір күнде өтті.

1 кезең: «Жемқорлықсыз өмір – адал өмір» тақырыбындағы бейнеролик сайысы.

2 кезең: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» тақырыбындағы презентация. Презентация арқылы 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмысты ұсыну керек болды.

3 кезең: «Жемқорлықсыз болашақ» тақырыбындағы «Брейн ринг» білгірлер сайысы. Бұл сайыста мектеп бағдарламасы бойынша химия, физика, әдебиет, тарих пәндері, логикалық және басқа да танымдық салалар (өнер, кино, музыка, т.б.) бойынша болды.

Әділқазылар алқасы: Астана қаласы Білім департаментінің маманы, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Астана қаласы бойынша департаментінің маманы.

Әр кезең бойынша мадақтаулар қарастырылған: дипломдар және ақшалай сыйлық.

Аталған сайысқа қаланың 7 мектеп командалары қатысты. Нәтижесінде, жалпы ұпайлар саны бойынша 67 гимназияның командасы ІІ орнын жеңіп алды. Командамыз 2 диплом мен 30 000 теңгелік сертификатпен үйге оралды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0N5moSiYBRMVZHFr8pagjA7MWuVPSdYFRKqUqhuMtA3jF2yRKUJdm1vBfyodrbhkZl&id=100057340214063&sfnswa&mibextid=RUbZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0N5moSiYBRMVZHFr8pagjA7MWuVPSdYFRKqUqhuMtA3jF2yRKUJdm1vBfyodrbhkZl&id=100057340214063&sfnswa&mibextid=RUbZ1f)



«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жаңа оқу жылының басында атқарылып жатырған жұмыстары болашақтада жалғасын таба бермек.

Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

*сул*

К. Сулекеев